

**Жергілікті атқарушы органдардың 2020-2022 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № 6 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 12 қаңтарда № 22064 болып тіркелді

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 164-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған жергілікті атқарушы органдардың 2020-2022 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттері бекітілсін.

2. Инвестициялық саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрі

Р. Даленов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2021 жылғы 11 қаңтардағы  
№ 6 Бұйрығымен  
бекітілген

**Жергілікті атқарушы органдардың 2020-2022 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттері**

мың теңге

р/р №	Жергілікті атқарушы орган	Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің , оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиті					
		2020 жыл		2021 жыл		2022 жыл	
		ЖАО МЖӘ ММ лимиті	Қабылдау лимиті	ЖАО МЖӘ ММ лимиті	Қабылдау лимиті	ЖАО МЖӘ ММ лимиті	Қабылдау лимиті
1	Ақмола облысы	44 658 238	39 330 958	48 309 001	42 981 721	49 376 377	44 049 097
2	Ақтөбе облысы	43 716 664	18 320 838	49 270 872	23 875 046	51 418 179	26 022 353
3	Алматы облысы	94 689 568	30 323 572	92 481 017	28 115 021	95 444 577	31 078 581
4	Атырау облысы	78 231 465	26 516 444	79 760 945	28 045 924	83 223 858	31 508 837
5	Шығыс Қазақстан облысы	71 597 095	33 296 865	71 955 679	33 655 448	73 773 304	35 473 073
6	Жамбыл облысы	53 470 559	44 812 572	53 325 898	44 667 911	54 344 854	45 686 867
7	Батыс Қазақстан облысы	35 381 198	31 913 620	35 415 592	31 948 013	36 369 287	32 901 708
8	Қарағанды облысы	67 175 238	67 175 238	68 365 720	68 365 720	70 739 262	70 739 262
9	Қостанай облысы	46 871 129	30 882 671	46 438 711	30 450 253	47 254 883	31 266 426
10	Қызылорда облысы	45 278 920	27 876 712	45 485 296	28 083 088	47 334 372	29 932 164
11	Маңғыстау облысы	30 029 924	27 654 896	36 532 543	34 157 516	39 071 175	36 696 147
12	Павлодар облысы	41 675 059	32 248 992	42 029 239	32 603 172	42 888 702	33 462 635
13	Солтүстік Қазақстан облысы	39 413 580	30 461 931	37 796 112	28 844 462	38 217 450	29 265 800
14	Түркістан облысы	230 668 944	49 321 541	231 229 734	49 882 331	237 924 892	56 577 489
15	Шымкент қаласы	133 194 200	98 678 307	131 206 036	96 690 143	139 066 902	104 551 009

16	Алматы қаласы	287 458 097	214 364 456	320 218 728	247 125 087	343 701 741	270 608 100
17	Нұр-Сұлтан қаласы	152 350 944	89 327 197	211 327 474	148 303 727	227 306 127	164 282 380
	Жиыны:	1 495 860 823	892 506 810	1 601 148 597	997 794 584	1 677 455 941	1 074 101 928

Ескертпе: аббервиатуралардың толық жазылуы:

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар

МЖӘ ММ – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК